

ШАҒЫН ПРОЗАДАҒЫ ПРОТАГОНИСТ КЕЙІПКЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ**Иманғали Ақнұр Жеңісқызы**aknurkabiden@mail.ruЛ. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-і, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
Ғылыми жетекші – Айтуғанова С. Ш.

Шағын прозаға әңгіме, новелла, очерк сияқты көлемі жағынан шағын, құрылысы ықшамды шығарма түрлері жатады. Оның ішінде ең көп тараған түрі әңгіме.

Әңгіме – әдебиетте оқиғаны қара сөзбен баяндайтын шағын көркем шығарма жанры [1, 225]. Бұл жанрдың әдебиетте өзіндік ерекшеліктері бар. Ең әуелі оның ықшамдылығы мен оқырмандарға оңтайлы оқылуы. Композициялық, сюжеттік құрылымы, көркемдік жүйесі де өзіндік дара бітімге ие. Әдеби теорияларда әңгіменің басты шарты көлемінің шағын болуы ретінде көрсетіледі. Дегенмен оның ішкі мазмұны мен сюжеттік құрылысына қарап қана әңгіменің сипатын анықтау жөн саналады.

Оқиға көбіне бірінші жақтан баяндалып, әңгімешінің оқиғаға тікелей қатыстылығын көрсетеді [1, 226]. Қазақ әдебиетінде жиырмасыншы ғасырдың басында Б. Майлин, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов сияқты өзге де жазушылар әңгіме жанрының дамуына өте көп үлес қосты. Қазіргі уақыттағы қазақ әдебиетіндегі әңгіменің дамуы мен жетілуі осы аталған жазушылардың еңбегінен нәр алған. Дегенмен әңгімелеу дәстүрі қазақ халқына ертеден қалыптасқан үрдіс болып саналады.

Кез-келген әдеби туындының қозғаушы күші кейіпкер. Әңгіме, новелла, очерк сияқты шағын проза жанрлары да кейіпкерсіз құрыла алмайды. Кейіпкер – көркем шығармада суреттелетін оқиғаға қатысушы адам, әдеби образ [1, 412]. Көркем шығармада, оның ішінде әңгімеде де кез-келген адамның көркемдік образын жасағанда, автор кейіпкердің болмысын, тұлғасын, тіпті, іс-әрекетін, мінезін сол уақыт пен дәуірдің ерекшелік бейнесін көрсететін сипаттармен бірге, кейіпкердің өзіне ғана тән өзгешіліктері де оқырманға анық көрсетілетіндей етіп суреттеледі.

Протагонист кейіпкер – шығарманың басты кейіпкері. Ежелгі грек тілінде (πρωταγωνιστής бірінші партияны ойнайтын, бас актер) оқиғаның басты кейіпкері болып табылады. Басты кейіпкер оқиға орталығында болып, негізгі шешімдерді қабылдайды және сол шешімдердің салдарын сезінеді. Басты кейіпкер - бұл оқиғаны алға сүйрейтін негізгі агент және көбінесе маңызды кедергілерге тап болатын кейіпкер. Егер оқиғаға қосалқы сызба немесе бірнеше оқиғалардан тұратын баяндау болса, онда әрбір кіші сюжеттің жеке кейіпкері болуы мүмкін [2].

Протагонист және антагонист терминдері мазмұны жағынан да өзара ұқсас болып келеді. Қарапайым оқырмандар сондықтан, бұл екеуін жиі шатастырып жатады. Сондықтан, бұл екі кейіпкердің шығармадағы орны мен көркемдік бейнесіне жіті қарап баға беру керек. Кез - келген шығарманың, әңгіменің, романның, фильмдердің басты қозғаушы күші ретінде саналатын кейіпкер ғана протагонистік кейіпкер болады. Ал оны қалай анықтау керек? Оқырмандар қай кейіпкер оқиғаны өрбітуші екенін қалай ажырату керек? Бұл тұрғыда зерттеушілер бірқатар әдіснамаларды ұсынады. Алайда бұларды бір тоқтамға келген шешімдер деп айту қиын.

Протагонист кейіпкердің мінезі әртүрлі болуы мүмкін. Ең маңыздысы шығармадағы автордың ойы мен идеясын жеткізуге көмектескені маңызды. Сондықтан протагонист кейіпкердің мінезі сан қилы болмақ. Ол батыл, қорқақ, жомарт, айлакер болуы мүмкін. Десе де анықталған бір басты шарт. Протагонист кейіпкер шығарманы шырықтыратын, оқырманды

ойландыратын, әуреге салатын күрделі оқиғалардың басы-қасында болуы. Егер кейіпкер осы шарттан қалыс қалса протагонист болуы сұрақ тудырады.

Протагонистік кейіпкер мен өзге кейіпкерлер арасындағы байланыс та әдебиет жалпы өнер теориясында біршама қарастырылған.

Көркем шығармада әр кейіпкердің өзіндік мақсаты айқын болады. Қосалқы кейіпкерлер мен басты кейіпкер арасындағы қарым-қатынас туралы айтатын болсақ, екі аспектіге назар аудару керек. Бірінші аспект: қосалқы кейіпкерлердің протагонист кейіпкердің мақсатымен, мазмұнымен байланысты. Осы критерий бойынша оларды келесі белгілерге анық бөліп қарастыруға болады:

- кейіпкерге мақсатқа жетуге көмектесу;
- қаһарманның мақсатына жетуіне жол бермеу;
- алдымен кедергі жасап, сосын көмектес;
- алдымен олар көмектесіп, содан кейін олар кедергі жасау.

Кейбір кейіпкер ештеңе істемейтіндей көрінуі әбден ықтимал. Алайда, ол ұғымның өзі қате. Кез келген кейіпкерлердің бір-біріне жанама болса да әсерлері мен байланысы анық болады.

Мәселен протагонистік кейіпкердің сүйіктісі үшін күрес жолына, шайқасына оның досы тікелей қатыспауы да мүмкін. Десе де ол жай ғана қарап тұрса да, әлде бір ым-ишарамен демеу берсе де оның қатыстылығы айқындалады. Ол нәрсе протагонистік кейіпкерге көмек болуы немесе керісінше кесірін тигізуі мүмкін. Кей жағдайда протагонист кейіпкердің әлдебір сәтсіздігінен кейін оған дос кейіпкері бәрін ұмыту керектігін айтып, әрмен қарай әрекет етудің еш нәтижесіздігін ұқтыруға тырысуы мүмкін. Яғни, бұл жерде оның мақсатын кедергі жасаған әрекетін айқын байқай аламыз.

Зерттеушілердің тағы бір тобы протагонист кейіпкер мен қосалқы кейіпкерлердің өзара әрекетінің тағы бір қыры «шам принципі» деп аталатын дүниеге тікелей байланысты екендігін алға тартады. Бұл жалпы ескі тәсіл болып саналады. Онда бір кейіпкердің мінезі мен болмысы басқа кейіпкер арқылы беріледі. Кейіпкердің қараңғы үңгірде жатқанын көз алдыңызға елестетіп көруге болады. Автор да дәл сипаттамасын бермеген дейік. Сыртқы сипаты мен мінезінен де еш хабар бермеген. Бірақ бұл кейіпкердің айналасындағы қосалқы кейіпкерлердің мінезі мен болмысы, сипаты белгілі. Ол дегеніміз қараңғыда ұсталған шам секілді. Олардың әрқайсысы протагонист кейіпкердің бір бөлігі болады дағы, тұтастай алғанда протагонист кейіпкердің нақты өзінен мол жиынтық хабар береді.

Жиырмамыншы ғасырдың екінші жартысындағы ғылыми зерттеу парадигмасындағы бұл мәселені сыни тұрғыдан түсіну өте орынды саналды. Бұл - орыс жазушыларының әлеуметтік - тарихи теперіш, апат жағдайындағы кеңес адамының шынайы трагедиясын көрсеткен, жаңашылдық туралы айта бастаған кезі болатын. Ұлт санасының өзгеруімен, үміт пен үрей арасындағы адамдардың бейнесі. Мәселе тереңірек қарастырылған теориялық еңбектерінде И.И. Плеханова, Т.Л. Рыбалченко, Н.В. Ковтун, А.М. Мартазанова, И.В. Новожеева, Ю.М. Павлова, Ю.Р. Пере Пелицына, Г.А. Цветова, Е.К. Холодков сияқты өзге де зерттеушілердің есімін атауға болады.

Зерттеушілердің көпшілігі өз еңбектерінде ауызбіршілік мәселесін алға тарта, ойға ала отырып, ұлттық сипаттың өзегін іздеп көрді. Яғни кейіпкерлер галареясындағы ортақ ұлттық сипатты іздеді. Осылайша, орыс халқының діни негіздегі өзегін ала отырып, сол арқылы зерттеуші, В.М.Пронягин тұлғаның келесі түрлерін ажыратады:

Тұлғаның киелі - тарихи түрі. Олар өз «менінен» кез келген уақытта шыға алады. Құдайлық принциптер үшін өзін құрбан етуге дайын. Ондай тұлғалар мемлекет тарихында маңызды рөл атқарады;

Тарихи профанды түр. Адамдардың бұл санаты жағымсыз қасиеттер жүйесімен, соның ішінде билікке құштарлықпен ерекшеленеді;

Профандық түр. Ерекше шығармашылық қабілеттері бар тұлғалар. Кез келген шешімді суырып салу тәсілі арқылы шешімін табатын қасиетке ие [3, 205]. Адамдардың осындай түрлі типтері әдеби кейіпкерге айналатыны сөзсіз. Ойдан шығарылған кейіпкерлердің де негізінде адамдар жататыны белгілі. Осығай сәйкес біршама зерттеуер жүргізген Ю.М. Павлов әдебиеттегі көркемдік кейіпкерлерді мынадай үш түрге бөледі: діни, амбиваленттік және эгоцентристік. Автор ұсынылған типологияның негізгі критерийі ретінде дін мен моральді көрсетеді [4].

Жалпы әдебиетте кейіпкерлер үнемі өзгерісте болады. Заманына сай адамы деген сияқты, заманын қарай кейіпкері қалыптасатындығы заңды құбылыс. Әсіресе, қоғамдық-тарихи жағдайлар әдеби кейіпкерді түбегейлі өзгертеді. Ары қарайғы жолдан, жазмыш, тағдырдан бейхабар өтпелі заманның кейіпкері пайда болады. Дәстүрлі жазушылар өз шығармаларында халықтың рухани ыдырауын ғана емес, сонымен бірге шаруалар мен еңбеккерлердің рухани дәстүрлерімен үнемі байланысты болатын рухани-адамгершілік жаңғырудағы қарқынды ізденістерді де суреттеді [5]. Бұған мысал ретінде қазақ әдебиетіндегі «алпысыншы жылдықтардың» ауыл прозасындағы кейіпкерлерді атап өтуге болады.

Бұл үрдісті толықтырушы жазушы Оралхан Бөкей шығармашылығында дәстүршіл прозаның тұрақты түрлерінің қалай өзгеретінін қадағалап отыру біз үшін маңызды. Жазушы прозасы өзінен бұрынғылар – «ауыл адамдарының» сюжеттерін, мотивтерін, образдарын ластайды. Қазақ жазушысының көркемдік тәжірибесі ауыл өмірінің нәтижелеріне қайғылы ой жүгірту емес, қазақ топырағында ежелгі дәуірден бері қалыптасқан алғашқы жаңашыл дәстүрлерін одан әрі жаңғырту және сақтау қажеттілігіне шақыру әрекеті. Жазушы қазақ өмірінің негізі ретінде ауылды қалпына келтіруге жан-жақты үлес қосады, адасқан жолды табуға шақырады, халық өмірін жырлаудан, қазақ әдебиетінің шынайы шақыруынан жасырын мәнді көреді. Жазушының таңдамалы кейіпкерлері ежелден келе жатқан дәстүрдің үзілуінде, жол айрығында, көбінесе жабайы тайга табиғатының табиғатын сезініп, өзін-өзі бекітуге және өзіндік болмысын тануға тырысады.

Жазушы Қалихан Ысқақтың да әдеби кейіпкерлері қалалық кеңістікті тастап, тайғаға, тауға баратын, ішкі үйлесімділікті табуды, өзін сынауды армандайтын ежелгі эпостық кейіпкермен ішінара сәйкестендіріледі.

Қалихан Ысқақ шығармашылық әдісінің ең маңызды ерекшелігі - белгілі бір әдеби шығарманың шекарасына мүлдем басқа көркемдік типтерді - асоциалды типтерден бастап, дүниелік әділ адамдар мен зиялыларға дейін сыйдыру мүмкіндігі. Қалихан Ысқақ, Оралхан Бөкей шығармаларындағы әдеби бейнесін сипаттай келе, оқырмандардың жасауы тиіс қорытындысы - бұл өмірді жеңетін немесе зұлым тағдырға қарсы тұруға тырысатын, керісінше, табиғат күштерімен қайта қосылып, уақыт пен кеңістіктің ағынын сезіне алатын адам.

Мәселен, орыс жазушысы Тарковскийдің шығармашылығын зертеуші И.Л. Балаян жан-жақты талдай отырып, жазушының шығармаларындағы тұлға мәселесін қарастыра келе, діни типке ерекше тоқталады, өйткені ол орыс мәдениетінің идеалы ретінде әрекет етеді. Тарковскийдің кейіпкерлері, автордың пікірінше, жер бетіндегі адамдар, олардың өмірі одан ажырамайды, біртұтас тұтастықты білдіреді [6].

Парсы жазушысы Мұхаммед Әли Жамалзаданың «Әуезді парсы тілі» мен «Қаз кәуәбі» атты екі әңгімесіндегі тарихи оқиғалар, жүйенің қылмыс пен жазаға құрылғандығы, соның салдары қалыптастырған түрлі мінез бен құлық, дағды, күлкілі бейнелер жазушы шығармашылығына арқау болып, негізінен сыни бағытта суреттелген. Нақты айтсақ, орта дәуірлердегі парсы қоғамындағы түрлі қоғамдық топтар мен әлеуметтік сатылар, сол әңгімедегі кеденшілер, еуропашылар мен шейх, қайықшылар, ал «Қаз кәуәбі» әңгімесіндегі сипаттар

типінің бейнесі сол қоғамның көптеген қыр сырын, ішкі мазмұнын ашып береді. Ескішілер мен жаңашылдар арасындағы бітіспес қайшылық та табиғи түрде берілген. Кейіпкерлердің бейнесі бұнда шынайы түрде суреттелгендігін айту керек. Жалпы бұл жазушының шығармашылығын сыншылар мен зерттеушілер сатира мен юморға бай қаламгер ретінде бағалайды. Сондықтан бұл жазушының әңгімесіндегі кейіпкерлер, әсіресе, басты кейіпкерлердің мінезі мен болмысы сырттай жадағай көрігенімен, іштей үлкен тартыстарға құрылған.

Иран жазушысы Садық Һедаяттың «Бұралқы ит» әңгімесін идеялық-көркемдік ерекшелігі қазақ зертеушілерінің назарын аударған туындылардың бірі. Оның себебі аудармашының шеберлігі мен білгірлігі деп түсіндіреді. Зерттеушілердің айтуынша, Садық Һедаят Чехов үлгісінде әңгіме жазатын жазушылардың бірі. «Бұралқы ит» әңгімесін Чеховтың «Каштанкасынан» өзгеше қояды. Өзгешелігі болмыстың даралығында, кейіпкерлердің тамыры басқа ұғым, түсініктерден, мәдениеттен нәр алады. Зерттеушілердің осындай қорытынды жасауына аудармашының түпнұсқа идеясы мен эстетикалық құрылымын қаз қалпында жеткізе алуымен түсіндіреді.

Қорыта айтар болсақ, әдеби кейіпкерлердің, соның ішінде протагонист кейіпкердің психологиясын зерттеу бүгінгі таңда әдебиеттану, өнертану ғылымдарының негізгі міндеттерінің қатарына енеді. Тиісінше әр елдің әдебиеттану тарихында кейіпкер психологиясын зерттеудің өзіндік ерекшеліктері мен әдіс-тәсілдері қалыптасты деп айтуға болады. Протагонист кейіпкердің психологиясы тұрғысынан зерттеліп саралануы қазақ әдебиеттануы үшін аса қажет, кезек күттірмей атқарылуы тиіс жұмыстардың бірі екендігі белгілі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл.
2. Литературная энциклопедия терминов и понятий / Под ред. А. Н. Николюкина. — Институт научной информации по общественным наукам РАН: Интелвак, 2001. — Стб. 828 — 1596 с.
3. Пронягин В.М. Художественное постижение идеи русской соборности в прозе второй половины XX века. Философско-эстетические очерки. Владимир: Маркарт, 2002.
4. Павлов Ю.М. Художественная концепция личности в русской и русскоязычной литературе XX века. Москва: ИМЛИ РАН, 2003
5. Новожеева И.В. «Межедомки», «обсевки», «архаровцы»: образ человека, оторвавшегося от родной среды в деревенской прозе 1960-80-х годов. Научный журнал КубГАУ. Краснодар, 2006; 24 (8): 483 – 498.
6. Балаян И.Л. Проблема личности в рассказах М.А. Тарковского. Вестник АГУ. 2014; Вып. 1 (134): 135 – 139.

ӘОЖ 81:004.738

ҒАЛАМТОР ТІЛІ – ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ЕРЕКШЕ ҚҰРАЛЫ

Курманбекова Зульфия Рахматдилдаевна

kurmanbekova.zulfiya@mail.ru

Л.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, 8D02305 – «Филология-қазақ тілі» мамандығының 1-курс докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Сарекенова Қ.Қ., ф.ғ.к., профессор м.а.